

Концессия жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін қабылдаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 ақпан № 41 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 162-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 510967321707 (бес жүз он миллиард тоғыз жүз алпыс жеті миллион үш жүз жиырма бір мың жеті жүз жеті) теңге көлеміндегі "Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (ҰАААЖ)" автомобиль жолын салу және пайдалану " концессия жобасы (бұдан әрі – жоба) бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелері қабылдансын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.04.2021 № 205 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жоба бойынша концессия шартын жасауға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі концессия шарты бойынша мемлекеттің қаржы міндеттемелерін қабылдау және орындау есебін жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2018 жылғы 6 ақпандағы

№ 41 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылданған мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің жылдар бойынша көлемі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.12.2025 № 1156 қаулысымен.

Қолжетімділік үшін төлемақы төлемдерінің графигі

Валюталық өтемақыны ескере отырып, қолжетімділік үшін болжанатын (концессия шартының талаптарында көзделген қолжетімділік үшін төлемақыны түзетуді есепке алмағанда) төлемақының жалпы базалық сомасы 540150134000 (бес жүз қырық миллиард бір жүз елу миллион бір жүз отыз төрт мың) теңгені құрайды (оның ішінде

инвестициялық шығындардың өтемақысы (ИШӨ) – 176724305 мың теңге, пайдалану шығындарының өтемақысы (ПШӨ) – 28031259 мың теңге, басқарғаны үшін сыйақы (БС) – 335394570 мың теңге), оның ішінде жылдар бойынша:

2023 жыл	15855584 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 6497217 мың теңге, ПШӨ – 347796 мың теңге, БС – 9010571 мың теңге)
2024 жыл	60297452 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 17109338 мың теңге, ПШӨ – 818479 мың теңге, БС – 42369635 мың теңге)
2025 жыл	48727837 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 781567 мың теңге, БС – 32352949 мың теңге)
2026 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 828461 мың теңге, БС – 21631618 мың теңге)
2027 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 878169 мың теңге, БС – 21581910 мың теңге)
2028 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 3100890 мың теңге, БС – 19359189 мың теңге)
2029 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 3156741 мың теңге, БС – 19303338 мың теңге)
2030 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 1045913 мың теңге, БС – 21414166 мың теңге)
2031 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 1108668 мың теңге, БС – 21351411 мың теңге)
2032 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 1175188 мың теңге, БС – 21284891 мың теңге)
2033 жыл	38053400 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 15593321 мың теңге, ПШӨ – 2682660 мың теңге, БС – 19777419 мың теңге)
2034 жыл	28035700 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 7796661 мың теңге, ПШӨ – 2757401 мың теңге, БС – 17481638 мың теңге)
2035 жыл	29791520 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 4981200 мың теңге, ПШӨ – 3146149 мың теңге, БС – 21664171 мың теңге)
2036 жыл	17671614 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 0 мың теңге, ПШӨ – 2963485 мың теңге, БС – 14708129 мың теңге)

2037 жыл	17671614 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 0 мың теңге, ПШӨ – 1572666 мың теңге, БС – 16098948 мың теңге)
2038 жыл	17671613 мың теңге (оның ішінде ИШӨ – 0 мың теңге, ПШӨ – 1667026 мың теңге, БС – 16004587 мың теңге)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК